

B021 – Орындаушылық өнер (6B02101-Дәстүрлі музыка өнері) - білім беру бағдарламасы бойынша оқуға тұсуші талапкерлер үшін шығармашылық емтиханың бағдарламасы

Ақтау, 2023 ж.

B021 – Орындаушылық өнер (6B02101 – Дәстүрлі музыка өнері) білім беру бағдарламасы бойынша оқуға тұсуші талапкерлер үшін шығармашылық емтиханды жүргізу үшін жаңа оларды бағалаудың ережесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «14» маусымдағы №269 бұйрығына 1-қосымша және 2018 жылғы «31» қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім беру» бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес құрастырылған.

Талапкер тұсушілерге шығармашылық емтихан төмендегідей тәртіппен өткізіледі:

Бірінші емтихан бойынша:

1. Орындаушылық шеберлік (жеке аспапта ойнау немесе жеке ән айту)
 - аспаптық орындаушылық (халық аспаптары- ішекті, үрмелі, соқпалы, фортепиано, гитара және т. б.),
 - жеке ән айту (академиялық, эстрадалық вокал);

Негізгі қойылатын талаптар:

- Әуен, мақам – саздың дәстүрлі үлгілерін сақтау – 10 ұпай;
- Аспаптағы ойнау шеберлігі – 10 ұпай;
- Дыбыс кеңістігі мен дикциялық ерекшеліктерін сақтау – 10 ұпай;
- Шығарманың күрделілігі (терме, толғау, дастан) мен орындау шеберлігінің үйлесімділігінің сай келуі – 15;

Екінші емтихан бойынша:

2. Музыкалық есту, сезу ырғақтық және музыкалық есте сақтау қабілеттерін анықтау:

1. Емтихан алушы ұсынған аккордтарда естілетін дыбыстардың санын, негізгі және кіші аккорд арасындағы айырмашылықты есту арқылы анықтау-15 ұпай;

2. Ритмикалық қабілеттерді анықтау-емтихан алушы тарапынан берілген ритмикалық үлгіні қайталау-15 ұпай;

3. Музыкалық жадтың болуы-емтихан алушы ұсынған әуенді қайталау (тандау үшін ән айту немесе ойнау)- 15 ұпай;

Емтихан бағдарламасын орындау кезінде талапкер мыналарды көрсетуі керек;

- айқын сараланатын дауыстың және бір жарым октавадағы (минимум) тұрақты дыбыстың, таза интонацияның болуы;

- ырғақты, музыкалық және мәнерлелі орындау.

10 - баллдан төмен алған және емтиханға келмеген талапкер келесі шығармашылық емтиханға жіберілмейді.

Шығармашылық емтихан бойынша екі емтиханнан 45/90 балл жинаған талапкер шығармашылық емтиханды жоғары дәрежеде тапсырды деп есептеледі.

ТАЛАПТАР

1. Бірінші шығармашылық емтихан

№	Орындаушылық өнер	Сахна мәдениеті	Үйлесімділік	Ұпай
1	Сахнада орындаушылық	Сахналық киім, сәлем беру, сахнада өзін-өзі ұстауы.	Аспаппен - концертмейстердің, аспаппен – әншінің үйлесімділігі болу шарт.	10
2	Әуен, мақам – саздың дәстүрлі үлгілерін сақтау	Сахналық киім, сәлем беру, сахнада өзін-өзі ұстауы.	Аспаппен - концертмейстердің, аспаппен – әншінің үйлесімділігі болу шарт.	10
3	Дыбыс кеңістігі мен дикциялық ерекшеліктерін сақтау	Сахналық киім, сәлем беру, сахнада өзін-өзі ұстауы.	Аспаппен - концертмейстердің, аспаппен – әншінің үйлесімділігі болу шарт.	10
4	Шығарманың күрделілігі (терме, толғау, дастан) мен орындау шеберлігінің үйлесімділігінің сай келуі	Сахналық киім, сәлем беру, сахнада өзін-өзі ұстауы.	Аспаппен - концертмейстердің, аспаппен – әншінің үйлесімділігі болу шарт.	15

2. Екінші шығармашылық емтихан

№	Музыкалық есту, сезу ырғақтық және музыкалық есте сақтау қабілеттерін анықтау	Есту қабілеті	Ұпай
1	Аккордтарда естілетін дыбыстардың санын, анықтау	Негізгі және кіші аккорд арасындағы айырмашылықты есту арқылы анықтау	15

2	Ритмикалық қабілеттерді анықтау	Ритмикалық үлгіні қайталау	15
3	Музыкалық жадтың болуы	ұсынылған әуенде қайталау (тандау үшін ән айту немесе ойнау)	15

Музыкалық дайындығы бар (музыкалық колледж, музыкалық мектеп, педколледждің музыкалық бөлімін, мәдени-ағарту училищесін) бітірген талапкерлер 1 шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық емтихан:

1. Музыкалық аспапта (домбыра, сырнай, қобыз, жетіген, фортепіяно т.б.) 1 күрделі формадағы шығарманы орындау-20 үпай

2. Музыкалық-теориялық сұрақтарға жауап беру-25 үпай

Талапкер жалпы білім деңгейін, мәдени дәрежесін, жігер-қажырын, музыкалық сауаттылығын жоғары деңгейде көрсете білуі керек. Мемлекеттік тілді жете менгерген, тілі таза, әрбір сөзі анық, дауысы үнді болғаны дұрыс. Есту, есте сақтау, ырғакты сезіну қабілеттері ерекше болуы керек.